






**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Ғылыми кітапхана**

**Министерство образования и науки РК
Западно-Казахстанский университет им М. Утемисова
Научная библиотека**

**ҰЛДАЙ
РЫСҚАЛИҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВА**

Орал - Уральск, 2021

ББК 91.9:80
Е 69
УДК 016:929

Ұлдай Рысқалиқызы Ержанова: биобиблиографиялық көрсеткіш. - Орал: М. Өтемісов ат. БҚУ РБО, 2021. - 32 б.

Ұсынылған биобиблиографиялық көрсеткіш филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержановаға арналған.

Сілтемеге 2021 жылға дейін қамтылған ғалымның өмірі мен ғылыми қызметін сипаттайтын материалдар, оның жарияланымдарының тізімі және ол туралы материалдар кіреді. Материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Көрсеткіш студенттерге, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Улдай Рыскалиевна Ержанова: биобиблиографический указатель. - Уральск: РИЦ ЗКУ им. М.Утемисова, 2021. - 32 с.

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен кандидату филологических наук, доценту Улдай Рыскалиевне Ержановой.

В указатель включены материалы, характеризующие жизнь и научную деятельность ученого, перечень его публикаций и материалы о нем, охваченные по 2021 год. Материалы расположены в хронологическом порядке.

Указатель предназначен для студентов, преподавателей, научных работников и широкого круга читателей.

ББК 91.9:80

ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ ЕРЖАНОВА



Ұ.Р. Ержанова - 1956 жылы 26 қараша күні РФ, Саратов облысы, Ершов ауданы, Новорепино елді мекенінде дүниеге келген.

1974 жылы Казталов ауданы, Богатырев орта мектебін бітіріп, сол мектепте бір жыл мұғалімдік қызмет атқарған.

1975 - 1979 жылдары А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын үздік дипломмен аяқтаған.

1979 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі, қызметтерін атқарды.

1997 жылы Алматы қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының диссертациялық кеңесінде «Орал облысы жер-су атауларының этнолингвистикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. 2000 жылы «Ақжайық өңірінің топонимиясы» атты монографиясын жарыққа шығарады. 2001 жылы Жоғарғы аттестациялық комиссияның шешімімен доцент атағына ие болды.

Ұ.Р. Ержанованың «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі» (2002 ж.) мен «Бақылаушылықтау жаттығулар жинағы» (2004 ж.), «Қазіргі қазақ тілі грамматикасының тілдік құрылымы» (2013 ж.) атты негізгі оқу құралдарын республиканың барлық жоғарғы оқу орындары оқу үрдісінде пайдалануда. Өйткені бұл оқу құралдары Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен шығарылып, таратылды. «Кұрмалас сөйлем синтаксисі», «Лингвистикалық сөзжұмбақ», «Орыс аудиториясына арналған қазақ тілі» атты үш электронды оқу құралы университеттің оқу залдарында студенттердің қолданысында. «Ақжайық өңірінің топонимиясы», 2002 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналып, «Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі», «Орал қаласы көше атауларының баяны» (2010 ж.) атты монографиялары элективті пән ретінде барлық бөлім студенттерінің негізгі оқу құралына айналды.

Республикалық, облыстық, аймақтық кеңестердің, комиссиялардың, комитеттердің, жұмыс топтарының қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан.

1986-90 жылдары алғашқы университетте құрылған «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып сайланған.

Республикалық КАЗТЕСТ жүйесінде тапсырмаларымен жұмыс жасаған.

Бірнеше жылдар облыстық, қалалық ономастикалық комиссия мүшесі қызметінде болып, облысымыздың атауларын, көше атауларын қалпына келтіруге белсенді араласқан.

Ғылым және білім министрлігінің бұйрығымен 2005-2008 жылдары Ақтөбе педагогикалық институтында, 2009-2011 жылдары Ж. Досмұхамбетов атындағы педагогикалық колледжде, Мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасы қызметін атжарған.

2006-2011 жылдары университет жанындағы «Тіл дамыту орталығының» жетекшісі, «Практикалық қазақ тілі және құжаттану» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізуге белсенді араласқан, жаңа оқу курстарын әзірлеуге, оның ішінде авторлық курстар:

1. 2014 жылы Университеттің лекциялар фондысына 20 сағаттық видеолекция жазып, оқу залына тапсырды;

2. «Құрмалас сөйлем синтаксисі» (электрондық оқулық) бас ғимараттың электрондық залында орналасқан 2006.01.09 пайдалану жөніндегі келісім-шарт жасалды;

3. 2008 жылдың қараша айында «Қазақ тілі», «Кең байтақ Қазақстан», «Лингвистикалық сөзжұмбақ» атты 3 электронды оқулық шығарылып, электронды оқулықтың презентациясы өткізіліп, облыстық телехабардан көрсетілді. Бұл электронды оқулықтар оқу залдарында студенттердің өз бетімен жұмыстарында кеңінен қолданылып жүр.

Биылғы жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту ретінде «Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңісгігі» атты ғылыми-көпшілік монографиясын (23 баспа табақ) «Полиграф» және «Университет» баспасынан шығарылды.

Ұ.Р. Ержанова 43 жылға жуық педагогикалық қызметте жүрген кезінде ғалым ретінде жоғарғы оқу орнында өзінің орнына лайықты еңбек жолымен өтті.

Құрметті Ұлдай Рысқалиқызы!

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының ұжымы Сізді абыройлы да, мерейлі өмір жолыңыздың бір белесі - 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіз өз мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрарлық жетістіктермен келіп отырсыз.

Өзіңіздің 40 жылдан астам педагогикалық еңбек жолыңызда талай белеске шығып, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқардыңыз.

Ғылым жолында жүргеніңізге де 20 жылдай уақыт болған. 1997 жылы Алматы қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының диссертациялық кенесінде «Орал облысы жер-су атауларының этнолингвистикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертацияңызды сәтті қорғап шықтыңыз. «Ақжайық өңірінің топонимиясы» атты монографияңыз бен «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі», «Қазіргі қазақ тілі грамматикасының тілдік құрылымы» атты негізгі оқу құралдарыңызды республиканың барлық жоғарғы оқу орындары оқу үрдісінде пайдаланса, «Ақжайық өңірінің топонимиясы», Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі», «Орал қаласы көше атауларының баяны» атты монографияларыңыз элективті пән ретінде барлық бөлім студенттерінің негізгі оқу құралына айналды. Ал бүгінгі күні «Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеністігі» атты ғылыми-көпшілік монографияңызды Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту ретінде ұсынып отырсыз.

Шәкірттеріңізге білім берумен қатар қоғамдық, ғылыми және тәрбие жұмысына да саналы ғұмырыңызды арнадыңыз. Республикалық, облыстық, аймақтық кеңестердің,

комиссиялардың, комитеттердің, жұмыс топтарының қоғамдық жұмыстарына белсене араластыңыз.

Ұрпақ тәрбиесіндегі көп жылы ерен еңбегіңіз ескерілт, 2001 ж. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі алқасының Ы. Алтынсарин медалімен, 2013 ж. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Алғыс хатымен марапатталдыңыз.

Құрметті Ұлдай Рысқалиқызы! Сіздің осындай өрелі істеріңіз көпке үлгі, өйткені Сіздің өміріңіз - нағыз майталман маманның, ұлағатты ұстаздың, абзал ананың өнегесі. Отанымыздың өркендеуі және халқымыздың игілігі жолында әлі де талай тәнті істерді атқарарыңызға кәміл сенеміз. Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге және ұрпақтарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тын табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Шанырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

*Ізгі тілекпен: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қазақ
филологиясы кафедрасының ұжымы
БҚМУ хабаршысы. – 2016. -№4. – Б. 349-351.*

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ДОЦЕНТ ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ӨМІР КҮНДЕРІ**

Ұлдай Рысқалиқызы Ержанова 1956 жылы 26 қараша күні РФ, Саратов облысы, Ершов ауданы, Новорепино елді мекенінде дүниеге келген.

- | | |
|----------------------|---|
| 1974 ж. | Казталов ауданы, Богатырев орта мектебін бітіріп, сол мектепте бір жыл мұғалімдік қызмет атқарған |
| 1975-1979 жж. | А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын үздік дипломмен аяқтаған |
| 1979 ж. | Орал педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітіріп, ұстаздық жолын орта мектептен бастаған |
| 1982-2001 жж. | оқытушы, аға оқытушы БҚМУ |
| 1986-1990 жж. | алғашқы университетте құрылған «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып сайланған |
| 1994-1997 жж. | А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ізденушісі |
| 1997 ж. | А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Батыс Қазақстан топонимиясының этнолингвистикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады |
| 1998 ж. | филология ғылымдарының кандидаты |
| 1999 ж. | Жоғарғы аттестациялық комиссиясының шешімімен доцент атағы берілді |

- 2000 ж.** «Ақжайық өңірінің топонимиясы» атты монографиясын жарыққа шығарды
- 2001 ж.** Қазақстан Республикасы Білім министрлігі алқасының Ы. Алтынсарин медалі
- 2002 ж.** «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі» жарыққа шығарды
- 2004 ж.** «Бақылау-пысықтау жаттығулар жинағы» жарыққа шығарды
- 2006 ж.** «Құрмалас сөйлем синтаксисі» (электрондық оқулық)
- 2006-2011 жж.** университет жанындағы «Тіл дамыту орталығының» жетекшісі, «Практикалық қазақ тілі және құжаттану» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды
- 2008 ж.** «Қазақ тілі», «Кең байтақ Қазақстан», «Лингвистикалық сөзжұмбақ» атты 3 электронды оқулық шығарылып, электронды оқулықтың презентациясы өткізіліп, облыстық телехабардан көрсетілді
- 2013 ж.** Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды
- 2013 ж.** «Қазіргі қазақ тілі грамматикасының тілдік құрылымы» жарыққа шығарды
- 2014 ж.** Университеттің лекциялар фондысына 20 сағаттық видеолекция жазып шығарды
- 2016 ж.** Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту ретінде «Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі» атты ғылыми-

көпшілік монографиясын «Полиграф» және
«Университет» баспасынан шығарылды

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ДОЦЕНТ ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕР
БИБЛИОГРАФИЯСЫ**

1987

1. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы бойынша сырттай бөлім студенттеріне арналған көмекші құрал / Ұ.Р. Ержанова. – Орал: Полиграф, 1987. – 4 б.

1998

2. Ақжайық өңірінің топонимиясы / Ұ.Р. Ержанова. – Алматы: Арыс, 1998. – 200 б.

1999

3. Программа спецкурса «Топонимия Западно-Казахстанской области» для студентов старших курсов, учителей школ. - Москва, 1999.

2000

4. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы бойынша практикалық бақылау-жаттығулар жинағы / Ұ.Р. Ержанова, Б. Жексенғалиев. - Орал: А.С. Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен басылуға ұсынады, 2000. - 55 б.

2001

5. Ақжайық өңірінің топонимиясы / Ұ. Ержанова. - Алматы: Арыс, 2001. - 174 б.

2002

6. Батыс Қазақстан облысы жер – су атауларының сөздігі / Ұ.Р. Ержанова. – Орал: Полиграф, 2002. – 250 б.

2003

7. Қазіргі қазақ тілі синтаксисі (Бақылау-пысықтау жаттығулары) / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: М.Өтемісов ат. БҚМУ РБО, 2003. - 80 б.
8. Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі / Ұ.Р. Ержанова. - А.: Арыс, 2003. - 796. с.

2009

9. Қазіргі қазақ тілі синтаксисі: Бақылау-пысықтау жаттығулар жинағы) / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: М. Өтемісов ат. БҚМУ Баспа орталығы, 2009. - 152 б.

2012

10. Қазіргі қазақ тілінің грамматикалық құрылымы: морфология және синтаксис: оқу-әдістемелік құрал / О. Бүркіт, Ұ.Р. Ержанова, Б. Өмірзақов. - Орал: М. Өтемісов ат. БҚМУ ат. БҚМУ Баспа орталығы, 2012. - 299 с.
11. Орал қаласы көше атауларының баяны: оқу құралы / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: БҚМУ, 2012. - 106 б.

2014

12. Профессор Отарәлі және тілдік әлем: монография. 1 кітап / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: РБО БҚМУ, 2014. - 245 б.
13. Профессор Отарәлі және тілдік әлем: монография. 2 кітап / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: РБО БҚМУ, 2014. - 251 б.

14. Профессор Отарәлі және тілдік әлем: оқу-әдістемелік құрал. 3 кітап / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: РБО БҚМУ, 2014. - 300 б.

15. Профессор Отарәлі және тілдік әлем. 4 кітап / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: РБО БҚМУ, 2014. - 177 б.

2016

16. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі: монография / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: РБО БҚМУ, 2016. - 244 б.

2018

17. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі: монография / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018. - 250 б.

18. «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі» курсы бойынша дәрістер жинағы / Ұ.Р. Ержанова, К.Б. Жұмашева. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018. - 307 б.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАР

2006

1. Құрмалас сөйлем синтаксисі / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, 2006. - Текст: непосредственный. - Жүйелік талаптар: Windows 2000/XP with. Net Framework; РІІ және жоғары (1500 MHz және жоғары); ШКЕС 128 Mb; 300 Mb Қатты тегеріште

2008

2. Кен байтақ Қазақстан / Ұ.Р. Ержанова, С.Р. Имашева, А.С. Ниетова, Г.А. Еркеғалиева, Н.Ж. Даулеткереева, Н.Е. Дуйсенғалиева, А.С. Жубанышева, Н.А. Алмағамбетова, Н.А. Кабошева, Ж.Д. Кадырғалиев, А.С. Мендигалиева, Ш.Н. Куанышқалиева, В.Н. Сарсенғалиева, К.Н. Жумашева. - Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, 2008. - Жүйелік талаптар: Windows 2000/X with. Net Framework; РІІ және жоғары (1500 MHz және жоғары); ШКЕС 128 Mb; 50 Mb Қатты тегеріште

2013

3. Лингвистикалық сөзжұмбақ (фонетика, лексика, грамматика, пунктуация) / Ұ.Р. Ержанова. - Орал: БҚМУ, 2013. - Систем. требования: Windows 2000/XP РІІ және жоғары (1500 MHz және жоғары) ШКЕС 128 Mb 200 Mb Қатты тегеріште.

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ДОЦЕНТ ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ,
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДА
ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАРЫ, ҒЫЛЫМИ
ХАБАРЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСЫ**

1990

1. Шешендік өнер және әдеби тіл / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // Вузовский сборник научно-методических работ «Совершенствование специалистов в педагогическом вузе». – Орал, 1990. - Б. 56-57.

1998

2. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің лексико-семантикалық сипаты / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Жоғары мектеп ғылымының мәселелері» БҚМУ-ның 65 жылдағына арналған профессор-оқытушылар құрамы ғылыми-практикалық конференциясының тезистер жинағы. – Орал, 1998. – наурыз. – Б. 65-66.

2007

3. Ономастикалық бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттары // Облыстық ғылыми - практикалық конференция материалдары «Ғалым - ұстаз Серікқали Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері». - Орал, 2007. – Б. 123-126.

2008

4. Топонимдік атау – ұлттық творчестволық процесс / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Академик Қ. Жұмалиев және ұлттық рухани әлем» атты республикалық

ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Орал, 2008. – Б. 133-135.

5. Үштұғырлы тіл саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру жолдары / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы «Мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне меңгертудің тиімді әдістері». - Орал, 2008. - 9-10 қаңтар. - Б. 3-8.

2009

6. Әдеби шығармалар арқылы құзыреттілікті қалыптастыру / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Ұлттық білім беру жүйесін жаңарту және адам ресурстарының жаңа сапасын қалыптастырудағы оның рөлі» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Орал, 2009. – I б. - 18-19 мамыр. – Б. 275-277.
7. Мемлекеттік тілді меңгертудегі тіл дамыту жұмыстары / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Озық педагогикалық тәжірибе мектебі»: материалдардың жинағы. - Орал, 2009. – Б. 18-21.
8. Этникалық ұғымдардың тілдік сипаты / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Сәрсен Ақмурзин және Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі қазақ руханияты» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал, 2009. – Б. 106-110.

2011

9. Әлем өркениетіндегі ұлттық тіл / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Қазіргі ономастикалық ахуал: тілдік, тарихы әлеуметтік және географиялық факторлар» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар. – Орал, 2011. - 20 сәуір. - Б. 13-22.

10. Перифраз термині жайында негізгі түсініктер / Ұ.Р. Ержанова, А.Ә. Пірімжанова. - Текст: непосредственный // «Жастар және ғылым: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған» 69-шы студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Орал, 2011. – Б. 158-166.
11. Тарих пен тіл тамырлас / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының ұлттық бірлікті нығайтудағы ролі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал, 2011. - Б. 16-20.

2012

12. Махамбет баба өлеңдеріндегі тілдік құралдар / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Махамбет оқулары-IV»: республикалық ғылыми - тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2012. – Б. 26-27.
13. Шешендік өнер және әдеби тіл / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // Вузовский сборник научно-методических работ «Совершенствование подготовки специалистов в педагогическом вузе». - Уральск, 2012. – Б. 56-57.

2013

14. Махамбет өлеңдеріндегі басты мәтінүзетін белгілер / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // «Махамбет оқулары-V»: Махамбет Өтемісұлының 210 жылдығына арналған дәстүрлі республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал, 2013. - Б. 74-77.

2015

15. Мақал-мәтелдегі антоним, синоним, омоним сөздердің қолданысы / Ұ.Р. Ержанова, Р.Р. Ашенова. - Текст: непосредственный // «Махамбет оқулары-7» атты дәстүрлі республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарының жинағы. – Орал, 2015. - I том. - 23 қазан. - Б. 92-94.

2020

16. Қазақ тіліндегі когнитивтік танымның кейбір белілері / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы Абай мұрасы – өскелең ұрпақты рухани жаңғыртушы әлеует» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Орал, 2020. - 17 сәуір. - Б. 36-39.

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ДОЦЕНТ ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН
ОРЫНДАЛҒАН МАГИСТРЛІК
ДИССЕРТАЦИЯЛАР**

2014

1. Ақболатова, Л.Т. Жарнамалардың тілдік ерекшеліктері: 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша пед. ғылымд. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайынд. магистрлік дисс. / Л.Т. Ақболатова; ғыл. жетекшісі Ұ.Р. Ержанова. - Орал: [б. и.], 2014. - 98 б.
2. Ақболатова, Л.Т. Жарнамалардың тілдік ерекшеліктері: 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша пед. ғылымд. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайынд. магистрлік дисс. рефераты / Л.Т. Ақболатова; ғыл. жетекшісі Ұ.Р. Ержанова. - Орал: [б. и.], 2014. - 14 б.

2016

3. Ашенова, Р.Р. Мақал-мәтелдер мен шешендік сөздердің тілдік құрылысы: 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылым. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайын. магистрлік дисс. рефераты / Р.Р. Ашенова; ғыл. жетекшісі Ұ.Р. Ержанова. - Орал: [б. и.], 2016. - 11 б.
4. Ашенова, Р.Р. Мақал-мәтелдер мен шешендік сөздердің тілдік құрылысы: 6М011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылым. магистрі акад. дәрежесін алу үшін дайын. магистрлік диссертация / Р.Р. Ашенова; ғыл. жетекшісі Ұ.Р. Ержанова. - Орал: [б. и.], 2016. - 71 б.

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ДОЦЕНТ ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ**

2012

1. Қазақ антропонимдерінің этнолингвистикалық сипаты / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // БҚМУ Хабаршысы. - 2012. - №1. - Б. 186-190.

2013

2. Жарнама тілін лингвистикалық тұрғыда зерттеу / Ұ.Р. Ержанова, Л.Т. Ақболатова. - Текст: непосредственный // Вестник ЗКГУ. - 2013. - №3. - Б. 151-154.
3. Қазіргі заманғы ұлт тілінің алатын орны / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // Вестник ЗКГУ. - 2013. - №3. - Б. 147-151.

2015

4. Қазіргі заманғы ономастикалық ахуал / Ұ. Ержанова. - Текст: непосредственный // Ономастикалық хабаршы. - 2015. - №2. - Б. 112-117.

2016

5. Шешендік сөздер және кісілік қасиет өлшемдері. - Текст: непосредственный // БҚМУ Хабаршысы = Вестник ЗКГУ. - 2016. - №1. - Б. 197-207.

2017

6. Келіңіз, көрісейік! / Ұ. Ержанова. - Текст: непосредственный // Орал өңірі. - 2017. - 14 наурыз. - №28. - Б. 6.

2019

7. Менің тілім - қалған сонау сақтардан! / Ұ. Ержанова. - Текст: непосредственный // Oral oniri. - 2019. - 22 қараша. - №95. - Б. 8-9.

2020

8. Ақ Жамалдың ғылыми әлемі / Ұ.Р. Ержанова. - Текст: непосредственный // Oral oniri. - 2020. - 21 сәуір. - №31. - Б. 12.

2021

9. Жаны жомарт, мінезі мәрт еді... / Ұ. Ержанова. - Текст: непосредственный // Орал өңірі. - 2021. - 16 шілде. - №57. - Б. 15.

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ДОЦЕНТ ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ
ЕРЖАНОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТ**

2012

1. Беккужиева, С. Ұстазым менің, ұстазым... / С. Беккужиева. - Текст: непосредственный // Өркен. - 2012. – қазан. - №10. - Б. 5.

2016

2. Жолдығали, Г. Ономастикаға арналған монография / Г. Жолдығали. - Текст: непосредственный // Орал өңірі. - 2016. - 1 желтоқсан. - №146. - Б. 14.
3. Құсайын, Т. Ұлдай / Т. Құсайын. - Текст: непосредственный // Орал өңірі. - 2016. - 24 қараша. - №143. - Б. 5.
4. Ономастикаға қосылған сүбелі үлес. - Текст: непосредственный // Жайық үні. - 2016. - 1 желтоқсан. - №48. - Б. 5.
5. Ұстаз-ұлағатты есім. - Текст: непосредственный // Өркен. - 2016. - 30 қараша. - №10. - Б. 12.

ҰСТАЗ - ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

25 қараша күні университетімізде Ержанова Ұлдай Рысқалиқызының мерейлі 60 жасқа толуына орай кездесу кеші оздырылды. Кеш шымылдығын М. Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, «Парасат» ордерінің иегері Асхат Сәлімұлы ашты. Ұстаз - шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Осы шараны жүзеге асыру барысында ғылыми кітапхана ұжымы ғалымның еңбектері мен зерттеулеріне арналған «Ғалым. Ұстаз. Тұлға» атты көрме ұйымдастырып, көрермен назарына ұсынды.



Ұстаз - мейірім, махаббат, сүйіспеншілік, жанашырлық сезім дерінің көрігі. Ұстаз - тағылымы ең терең өнер. Ал өнерлі болу кезкелген адамға қона бермейді. Шын ұстаз болу үшін табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт.

Ұстаз болу - жүректің батырлығы,

Ұстаз болу - сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу - мінездің күншуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы - деп ақын Ғафу Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, жүзі жайдарлы ұстаздардың бірі, ғалым, филология ғылымының кандидаты, доцент, өлкетанушы, 40-тан аса ғылыми еңбектің, соның ішінде облыстағы жер-су атауларының этнолингвистикалық ерекшеліктерін тануға арналған монография авторы, «Батыс Қазақстан облысының топонимиясы» арнаулы курсының

бағдарламасын, «Ақжайық өңірінің топонимиясы», «Батыс Қазақстан облысы жерсу атауларының сөздігі», «Қазіргі қазақ тілі» (фонетика) курсы бойынша бақылау-жаттығулар жинағының иегері, киелі қара шаңырағымыздың түлегі Ержанова Ұлдай Рысқалиқызы еді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, аяулы да ардақты ұстаздарымыз аман болсын.

Өркен. – 2016. - 30 қараша. - №10. – Б.12.

ҚҰРМЕТТІ ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ!



Қадірменді Ұстаз, ардақты әріптес, аяулы апа, мерейліжасыңыз құтты болсын! Таңжұлдызы шапағын төгіп, жанарыңыз жарқырап ортамыздан табыла жүріңіз. Деніңіз сау, көңіліңіз шат болып, ерен еңбектің жемісін көріңіз. Өзіміздің Сізге деген зор ықыласымызда мына өлең жолдарымен жеткізуге рұқсат етіңіз.

Мерей жас көркейтеді көп алдында,
Құттықтап қояйықшы сөз алдында.
Жан ғұмыр жасай берсін, апатайым
Алпысты еңсерген ел алдында.
Жас өмір өткен екен ізденіспен,
Ғылым мен білімдегі кептеліспен.
Еңбегің жанып отыр бүгіндегі
Төл дүниең шыққан бүгін іркіліспен.
Бұл білсек, ғылымдағы зор дүние!
Жадымызды жаңғыртар қалың сүбе,
Сонау төбе, сонау бел бәрі-бәрі
Бабамның жазып кеткен хаты-дәме.
Топонимдер еліміздің шекарасы,
Қағылған қара жерге сөз сынасы.
Өрнектелген елауызында қалған атау
Бұл кітап апамыздың төл баласы.

*Игі тілекпен, шәкіртіңіз, ініңіз,
Алтынбек және «Орыс филологиясы» кафедрасының ұжымы*

Өркен. – 2016. – 30 қараша. - №10. – Б.5.

УЧИТЕЛЬ С БОЛЬШОЙ БУКВЫ



Наш старший друг, наш друг
бесценный,
Наш неизменный костровой!
Огня могучее растение
Шумит негибнущей листвою.
Вы это имя заслужили.
Вы бескорыстием своим
Нас заражали и учили,
Светя другим, сгорать самим...

Учитель — гордое звание,
которое по жизни несут
только самые заслуженные
и достойные!

Профессия учителя
сочетает в себе мудрость и
молодость души,

креативность и огромную
энергию, доброту и

строгость! Одной из ярких представителей этой профессии с
большой уверенностью можно назвать кандидата
филологических наук, доцента, краеведа, автора более 40 трудов
Ержанову Улдай Рыскалиевну. Программа специального курса
«Батыс Қазақстан облысының топономиясы», «Ақжайық
өңірінің топономиясы», «Батыс Қазақстан облысы жер-су
атауларының сөздігі», сборник упражнений по курсу фонетики
«Қазіргі қазақ тілі» - это лишь малая часть ее трудов.

25 ноября в стенах ЗКГУ им. М. Утемисова состоялся
круглый стол, посвященный 60-летию юбилею Улдай
Рыскалиевны. Гостями круглого стола стали аким города
Уральска Турегалиев Нариман Турегалиевич,
руководитель управления культуры, архивов и документации
ЗКО Кусаинов Даулеткерей Атауович, заместитель директора по
библиотечной работе ОУНБ им. Ж. Молдагалиева Кенжебаева
Сара Кушалиевна, профессорско-преподавательский состав ЗКГУ
им. М. Утемисова, студенты и магистранты. В ходе встречи
состоялась презентация книги Улдай Рыскалиевны «Батыс
Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі». Сотрудниками



библиотеки, с целью ознакомления широкого круга читателей с ее жизнью и деятельностью организована обширная выставка «Ғалым. Ұстаз. Тұлға», где были представлены книги, статьи, фотографии из семейного альбома и снимки, раскрывающие ее трудовую деятельность.

Улдай Рыскалиевна всегда будет примером для подражания молодому поколению ученых, студентов и магистрантов своим волевым характером и преданностью любимому делу. Она сочетает в себе качества истинного педагога, любящей матери и хранительницы семейного очага.

30 қараша 2016

http://library.wku.edu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=179:2016-12-02-10-28-30&catid=8:2011-12-07-10-50-01&Itemid=3&lang=ru

ЕРЖАНОВА ҰЛДАЙ РЫСҚАЛИҚЫЗЫ – ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ



1979 жылы Орал педагогикалық институтын “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығы бойынша бітіріп, ұстаздық жолын орта мектепте мұғалім болудан бастаған. 1994-1997 жылдары аралығында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ізденушісі. 1997 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Батыс Қазақстан топонимиясының этнолингвистикалық сипаты» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1998 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алса, 2000 жылы доцент атағына ие болған. 2005 жылы “Қазіргі қазақ тілі синтаксисі” курсы бойынша электронды оқулығы жарық көрді. Ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттары: тіл білімінің этномәдени жүйесі: ономастика, Батыс Қазақстан облысының типологиясы. Аймақтық топонимдердің этнолингвистикасы және оның даму жолдары, тіл білімінің грамматика саласы: қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем проблемалары.

Ұлдай Рысқалиқызы - өз пәнінің кәсіби шебері, кафедраның ғылыми-әдістемелік әл-ахуалын жоғары дәрежеге көтерілуіне де өзіндік үлес қосқан білікті маман. Қажырлы еңбегінің нәтижесінде Ы.Алтынсарин атындағы медальдың иегері атанды. Жолдастары арасында беделді, ұжымды ұйымдастыра білу қабілеті жоғары.

Ұлдай Рысқалиқызы, қос бестік мерейтойыңыз құтты болсын. Отбасыңызға амандық, жұмысыңызға толағай табыс, шығармашылық шабыт тілейміз. Ғылым мен білім биігінде орын алған жұлдызыңыз одан әрі жарқырай түссін.

Филология факультеті
БҚМУ хабаршысы. – 2011. - №4. – Б.277-278.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



Әріптесіміз, ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанова мерейлі 55 жасқа толып отыр. Ұлдай Рысқалиқызы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Қазақ филологиясы кафедрасында көп жылдан бері ұстаздық қызмет атқарып келе жатыр. 80 жылдық тарихы бар жоғары оқу орнында Ұстаз республика мен облысқа танымал тұлғалармен бірге қазіргі білім беру жүйесінде жемісті еңбек етіп жүрген сан жүздеген мұғалімдерді тәрбиелеп шығарды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға, ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» - деп Ұлы Абай жырлағандай ғалым-ұстаз бұл күнде еңбегінің жемісін көруде.

Кафедра ұжымы атынан мерейтой иесіне денінің саулығын, мерейлі табыс, зияткерлік шабыс, отбасы амандығын, мақтан тұтар шәкірттерінің көп болуын тілейміз!

*Игі тілекпен,
Қазақ филологиясы кафедрасы ұжымы
Өркен. – 2011. – қараша. - №13. – Б.20.*



**Празднование 60-летия.
25 ноября 2016**





**Концерт ко Дню учителя.
4 октября 2019**



МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Ержанова Ұлдай Рысқалиқызы.....	5
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанованың ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі өмір күндері.....	9
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанованың еңбектер библиографиясы.....	12
Электрондық оқулықтар.....	15
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанованың халықаралық, республикалық конференцияларда жасалған баяндамалары, ғылыми хабарлары және қатысы.....	16
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанованың ғылыми жетекшілігімен орындалған магистрлік диссертациялар.....	20
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанованың еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	21
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ұлдай Рысқалиқызы Ержанованың өмірі мен қызметі туралы әдебиет.....	23
Ұстаз - ұлағатты есім.....	24
Құрметті Ұлдай Рысқалиқызы!.....	25
Учитель с большой буквы.....	27
Ержанова Ұлдай Рысқалиқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.....	29
Құттықтаймыз!!!.....	30

Басылымға жауапты:

Т.Е. Алимбекерова - ғылыми кітапхананың директоры

Құрастырған:

Г.И. Джанбаева - Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің меңгерушісі

А.В. Погодаева - Ақпараттық технология және библиография
бөлімінің библиографы

Ответственный за выпуск:

Т.Е. Алимбекерова - директор научной библиотеки

Составители:

Г.И. Джанбаева - зав.отделом информационных технологий и
библиографии

А.В. Погодаева - библиограф отдела информационных
технологий и библиографии